

7. Social`ne sy`ritstvo v Ukrayini: ekspertna ocinka ta analiz isnuyuchoyi v Ukrayini sy`stemy` utry`mannya ta vy`xovannya ditej pozbavleny`x bat`kivs`kogo pikluvannya / Avt. kol. L.S. Voly`necz`, N.M. Komarova, O.G. Antonova-Turchenko, I.B. Ivanova, I.V. Pешa. – K.: DCzSM, 1998. – 120 s.

8. Skott Dzh. Konfly`kty`. Puty` y`x preodoleny`ya / Dzh. Skott. – K.: Vneshtorgy`zdat, 1991. – 202 s.

9. Ty`tarenko T.M. Taky`e razny`e dety` / T.M. Ty`tarenko. – K.: Shkola, 1989. – 144 s.

10. Flejk-Xobson K., Roby`nson B.E., Sky`n P. Razvy`ty`e rebënka y` ego otnosheny`j s okruzhayushhy`my` / K.Flejk-Xobson, B.E. Roby`nson, P. Sky`n. – M.: Centr obshhechelovechesky`x cennostej, 1993. – 511 s.

11. Pry`kladnaya konfly`ktology`ya: Xrestomaty`ya / K.V. Sel`chenok. – My`nsk: Xarvest, 1999. – 404 s.

УДК 334.75:159
О-75

М.П. Оспанбаева

*ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясының Жамбыл облысы бойынша
филиалы (Тараз қ., Қазақстан)*

**МЕНТОРИНГ - ТҰЛҒА ПАЙЫМЫН
КОРРЕКЦИЯЛАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

М.П. Оспанбаева

*Жамбылский филиал Академии государственного
управления при Президенте РК
(г. Тараз, Казахстан)*

**МЕНТОРИНГ - ИНСТРУМЕНТ
КОРРЕКЦИЙ ЦЕННОСТЕЙ И УБЕЖДЕНИЯ**

M. P. Ospanbayeva
*State administration under the President of the
Republic of Kazakhstan academies in Zhambyl region
(Taraz, Kazakhstan)*

MENTORING - IS A TOOL CORRECTION OF VALUES AND BELIEFS

Аңдатпа: Жаһандану жағдайында тұлға табыстылығының алғышарты өзіндіксана болып табылады. Ал оны анықтайтын негізгі қасиет - құндылықтар мен пайымдар. Тұлға дүниетанымына оң ықпал ету пайымдарды құндылықтармен теңестіру арқылы жүзеге асырылатын болса, оны қамтамасыз ететін үрдіс - менторлық қызмет. Менторинг - мақалада тұлға пайымын өзгерту құралы ретінде қарастырылды.

Кілтті сөздер: ментор, құндылық, пайым, құрал, тұлға, сана, дүниетаным, өзгеріс, даму.

Аннотация. Оспанбаева М.П. Менторинг - инструмент коррекций ценностей и убеждения. В современном мире успешность человека определяется уровнем осознанности. Развитию его способствует процесс менторства, который выравнивает ценности с видением и действиями. В данной статье менторинг рассматривается как инструмент коррекции мировоззрения и трансформации личности.

Ключевые слова: ментор, ценность, убеждение, инструмент, личность, осознанность, мировоззрение, изменение, развитие.

Annotation. Ospanbayeva M.P. Mentoring - is a tool correction of values and beliefs. In the modern world, a person's success is determined by the level of awareness. It is promoted by a mentoring process that aligns values with vision and actions. In this article, mentoring is considered as a tool for correcting the worldview and transforming the individual.

Keywords: mentor, value, belief, tool, personality, awareness, worldview, change, development.

Мәселенің қойылуы және оның өзектілігі. Жаңа заман парадигмалары адамзат баласын әлеуметтік ортаның тыныс-тіршілігімен үндес өмір сүре отырып, өзгерістерді нәзік сезінуге және тиісінше әрекет жасауға бағыттайды. Жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру және планетарлық ой-сананы қалыптастыру сынды жаһандық концепция негізі – тұлға әлеуетін барынша ашу арқылы рухани кемелденуге жетелеу. Адамның ғаламмен байланысы оның болмысына тәуелді; адам әлемнен өзінің танымына сай, түсінуіне лайық, яғни қабылдауға дайын ақпаратты алады [1].

Менторинг - адам санасын кеңейту және жаңа сапаға көтеру үрдісіндегі заманауи ағым. Оны құрал ретінде қолдану тұлғаның ой өрісі мен көңіл көкжиегінің кеңеюіне, болмысты интуитивтік тұрғыда қабылдау және барынша нәзік сезінуіне ықпал етеді. Құндылықтар мен пайымдар адам бойындағы нақты қабілеттер мен әрекеттерді қолдаушы күшті нығайта отырып, оны өз дегені бойынша әрекет етуге итермелейтін ішкі ниетті анықтайды. Олар адамның ішкі дүниесінің маңызды бір бөлігі болып табылатындықтан, танымдық қабілеттерге қарағанда басқа деңгейде, яғни нақты осы жолдың не үшін таңдалынғанына жауап береді; біздің не туралы ойлайтынымызды немесе қандай әрекет жасайтынымызды анықтайды [2].

Демек, тұлғалық дамудың заманауи парадигмалары шеңберінде менторлықты үрдіс емес, құрал ретінде қолдануды қарастыру адам дүниетанымының трансформациялануын жеделдетеді.

Соңғы зерттеулердің және басылымдардың анализі. Тұлға бойындағы бұған дейін беймәлім болып келген жасырын әлеуеттің ашылуына ықпал ететін менторлық үрдіс - мақсатқа қарай қозғалысты жеке жаттықтырушымен бірге қамтамасыз ететін бірлескен әрекет деп таныған зерттеу авторлары ретінде Хуан, Чунлян және Джерри Линчты атауға болады. Олар менторлықты тәлімгерлік дәрежесінде қарастыра отырып, ұстаз бен шәкірт арасындағы даналықты игеру мен меңгеру үрдісін зерттеді [3].

Ментор, яғни үрдісті басқарушы маман мұқият тыңдау, жіті бақылау және орынды сауал қоя отырып, серіктесінің ішкі әлеуетінің ашылуына, мәселені басқа қырынан қарастыруды үйренуіне, жалпы дүниетанымының өзгерісіне ықпал ететіні Е.Аллен, Ленц еңбектерінде талданды [4].

Ал, Е.Агилар менторлықты коучингпен байланыстыра келе, тұлға болмысының, әсіресе, дүниетанымының трансформациялануының катализаторы ретінде анықтап, оның тиімді құралдарын ұсынды [5].

Заманауи нейролингвистикалық бағдарламаның (НЛБ) негізін қалаушылардың бірі (әрі бірегейі) Р.Дилтс кісі пайымын өзгертудің тиімді құралы ретінде НЛБ-ды негіздеді. Сұхбат барысында аяқасты келген жаңа ой, түсінік, күтпеген шешім т.б. интуитивті серпіліс нәтижесінде, кісі дербес түрде орындалуы тиіс әрекет аясын анықтайтынын тұжырымдады [6].

Зерттеу мақсаты. Менторлық үрдісті тұлға дүниетанымының кеңеюіне оң ықпал ету үшін пайымдар мен құндылықтарды теңестіру құралы ретінде зерттеу.

Зерттеу тапсырмалары.

1. Пайымдар мен құндылықтарды теңестіру арқылы тұлға болмысының жағымды өзгеріске ұшырайтынын негіздеу.

2. Менторлық үрдісті тұлға дүниетанымының оң өзгерісіне ықпал етуші құрал ретінде талдау.

Негізгі материалды баяндау. Қазіргі заман адамы өз іс-әрекетін сезінуге, оған жауапкершілікпен қарауға, әр қадамын (ой өрісін) саналы түрде басқаруға және күтілетін нәтижені алдын-ала болжап, жетістікке ұмтылуға барынша ынталы. Бұл – өзгермелі әлемдегі табыстылық шарты. Ал оған жетелейтін мүмкіндік – ішкі әрекет, яғни экстериоризация. Олай болса, ойдың амалға ауысу жолдарына тоқталайық. Сананың сәулеленуіне әкелер қарапайым қағида – ниет тазалығы. Ниет жанмен бірге тазарады. Жанды тазартатын – өмірлік сынақтар. Адам жаны қиындықтардан сабақ алу арқылы кемелденеді. Бұл туралы адамзат ұстазы әл-Фараби былай «Бақыт – барлық жамандық жойылған кезде және адам жаны мен тәні мәңгі әлемдік санамен біріккен кезде келеді. Адам о дүниеге аттанса да, тірі кезінде қол жеткізген бақыты, рухани әрі ұлы құбылыс бола тұрып, жойылмайды, адамнан кейін қалады», - деп тұжырымдайды. Санасы сәулеленген жан ниетті тазарту күшіне ие. Бұл – таяқтың екі ұшы сияқты жайт. Ниеті таза адам өз санасын сәулелендіре алады. Сәулелі сана иесі көптің ниетін тазарта алады. Ал бұл екеуінің де астарындағы негіз – тілек. Қалау болмаса, қара тас орнынан қозғалмас. Адам баласына бұйыртылған нығметтердің жүзеге асуы – тілектің күшімен: қарапайым қажеттіліктерден, алхимиялық өзгерістерге дейін. [7].

Осы өзгерістерді саналы түрде жүзеге асыруға ықпал ету және басқару үшін менторлық үрдіске жүгінеміз. Менторлықты ұстаз, тәлімгер, коуч қызметтерінің қосындысы ретінде қарастыруға болады. Мәселен, ұстаз - үйретеді, тәлімгер - тәрбиелейді, ал коуч тұлғаның үйренуіне немесе дамуына көмектесу үшін, нақты мінез-құлықтық кері байланысты қамтамасыз етеді. Кенесші ретінде ментор басқаларға негізгі құндылықтар мен пайымдарды орнату, түсіндіру немесе күшейту үшін көп ретте өзінің жеке тәжірибесіне сүйенеді. Біз өз зерттеуімізде менторлықты үрдіс ретінде емес, тұлға болмысын оң өзгерістерге трансформациялау, соның ішінде пайымдарды коррекциялау және оларды құндылықтармен теңестіру құралы ретінде қарастырамыз.

Құндылықтар мен пайымдар адам бойындағы нақты қабілеттер мен әрекеттерді қолдаушы немесе төменге тартушы күшті нығайтады. Олар адамның ішкі дүниесінің маңызды бір бөлігі болып табылатындықтан, танымдық қабілеттерге қарағанда басқа деңгейде. Құндылықтар мен пайымдар неге нақты осы жолдың таңдалынғанына жауап береді, сондай-ақ адамдарды өз дегені бойынша әрекет етуге итермелейтін ішкі ниетті анықтайды. Көтермелеу, тыйым салу немесе нақты стратегияларды, жоспарларды және ойлау стилдерін жалпылаудағы құндылықтар мен иланымдардың рөлі кез-келген нақты ой немесе іс-әрекет рөліне қарағанда анағұрлым маңызды. Біздің не туралы ойлайтынымызды немесе қандай әрекет жасайтынымызды тап осы құндылықтар мен пайымдар анықтайды. Мәселен, өз ойымыз бен іс-әрекетімізді өзгерту туралы сұрақты қарастыру идеясына не үшін келеміз? Адамды ынталандырушы күш оның ішкі мүмкіндігін жұмсауға қаншалықты дайын

екенін анықтайды. Бұл - нақты жағдайда адамдардың ойлауы мен әрекеттерін жандандыратын түрткі [8].

Нейрологикалық деңгейлер үлгісіне сәйкес, пайымдар мен құндылықтар үйрену мен өзгерулермен бір деңгейде. Олар "Неге?", "Не үшін?" сауалдарына жауап береді. Құндылықтар маңызды және қалаулы сезімдерді түйсінумен сипатталады. Пайымдар құндылықтарды жеке тәжірибенің түрлі қырларымен байланыстыратын танымдық құрылым, яғни тұлға дүниетанымының бөлшегі болып табылады.

Пайымдар, шын мәнінде - адамның өзі туралы, қоршаған орта және айналадағы әлем туралы көзқарастары. Нейрологикалық деңгейлер үлгісіне сәйкес, салыстырмалы түрде абстрактілі және субъективті болып табылатын құндылық сынды терең құрылымдар, нақты әрекет түрінде материалдық болмысқа әсер етуі үшін пайым арқылы барынша нақты танымдық үрдістермен және қабілеттермен байланысты болуы тиіс. Тұлға пайымын анықтау үшін келесі сауалдарға жауап беруін сұрау қажет: "Өзіңізге құнды болып табылатын сапаны немесе нысанды қалай анықтайсыз?", "Бұл сапаны не тудырады немесе не шақырады?", "Мұндай бағалау нәтижелері немесе салдары қандай?", "Белгілі бір мінез-құлықтың немесе сезімдердің нақты құндылыққа сәйкестігін Сіз қалай білетін едіңіз?" Белгілі бір құндылық әрекетке айналуы, яғни жұмыс жасауы үшін пайымдар жүйесі анықталуы тиіс. Мысалы, мінез-құлықта "кәсібилік" сынды құндылықтың көрініс табуы үшін, адам өз бойында келесі иланымдарды қалыптастыруы керек: кәсібилік ұғымының мағынасын сезіну; кәсібилік көріністерін, яғни оның бар екендігінен хабар беретін өлшемдерді анықтау; кәсібиліктің қалыптасуына ықпал ететін алғышарттарды жіктеу және оның салдарларын пайымдау. Бұл пайымдар, құндылықтың өзі сынды, кісінің болашақ әрекеттерін анықтау үшін аса маңызды. Мәселен, "қауіпсіздік" құндылығы екі адамның да бойында бар, бірақ олардың пайымдар жүйесі әрқалай. Біріншісі қауіпсіздік ұғымын күшпен байланыстырады, яғни ол үшін қауіпсіздік дегеніміз - өзінің жауларынан күшінің мығым болуы және бейғамдыққа салынып, таяқ жеп қалмай, соққыны бірінші болып беру арқылы өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ал екіншісі мәселені кеңінен әрі тереңірек қарастырады. Ол үшін қауіпсіздік - ықтимал қатердің алдын алу. Мысалы, өзіне қауіп төндіретін адам әрекетінің астарын түсіну, яғни оның оң ниетін ұғыну және соған ден қою арқылы сақтану. Бұл екі адам бір құндылықты (қауіпсіздік) ұстана отырып, оған екі түрлі жолмен қол жеткізеді; тіпті олардың тәсілдері де бір-біріне қайшы келеді [6].

Менторлық құралдардың бірі - құндылықтарды тексеру болып табылады. Ол кісіге өзі үшін аса маңызды құндылықтарды анықтау және оларды күшейту үшін көмектесу барысында қолданылады. Оны осы құндылықтарға байланысты қажеттіліктерді, мақсаттарды, салдарларды және жорамалдарды тексере отырып, анықтауға болады. Құндылықтарды тексеру мақсаттарының бірі -

келесі негізгі сауалдарға жауап алу: Сіз үшін не маңызды? Қандай құндылық орнатылуы немесе күшейтілуі тиіс? Осы құндылық пен сіз үшін маңызды нәрсе (жағдай) арасындағы байланыс қандай?

Құндылықтарды әрекетке айналдыруды қолдауға қажетті пайымдар жүйесінің толық зерттелінгеніне көз жеткізу үшін, құндылықтарды тексеру үрдісінде ауызша кеңестер мен түйінді сөздер пайдаланған жөн [5].

Менторлар көп ретте, жеке тәжірибелері аясында, құндылықтар мен пайымдарға күш беретін қалыптастыру, бекіту және теңестіру үрдісінде бізді басқарады. Менторлық танымдық түсінікке қарағанда, терең деңгейде кеңес беру мен басқару мүмкіндігін қарастырады. Менторлықтың бұл түрі кей жағдайда адамның бір бөлшегіне айналып кетеді де, ментордың сырттай қатысуы талап етілмейді. Сондықтан кей кезде кеңесші немесе жетекші ретінде "ішкі менторға" жүгінуге болады. НЛБ-да "ментор" термині адам жанының түкпірінде "тығылып" жатқан, әлі күнге ешкімге айтпаған сырын ашып, "босата" білуі арқылы, кісі өмірінің оң өзгерісіне ықпал етушіні белгілеу үшін пайдаланылады. Ұстаз да, Сіз ешқашан бұрын көрмеген бейтаныс жан да, кітап кейіпкері де, жастығына қарамастан балалар да, жануарлар да, табиғат құбылыстары да (мұхиттар, таулар, өзен, көл, дала, бұлттар және т.б.), тіпті кейде өзіңіздің бір бөлігіңіз де ментор болуы мүмкін. Көп жағдайда адамдар кеңесші немесе жол көрсетер жетекші ретінде "ішкі ментор" көмегіне жүгінеді. Мұндай "ішкі менторлар" кісінің жан-дүниесіндегі жасырын қорды, я болмаса "ұйықтап жатқан" білімді ішкі түйсікпен сезіну арқылы, табиғи түрде іске қосу үшін қолданылады. "Ішкі менторды" пайдаланудың негізгі тәсілі ойша тағы бір жанның барын елестетіп, содан кейін өзін ментордың орнына қойып, "екінші жақты" ұстану үшін керек. Бұл - адамның болмысында бар, бірақ оны өзі біле бермейтін, немесе жағдайға байланысты қарастырып көрмеген сапаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ішкі ментор осы сапаларды елестете отырып, "іесінің" оларды іске асыруына көмектеседі, яғни кісі мәселені ментордың "көзімен" қарастыру нәтижесінде шешім қабылдайды. Адам осы сапаларды ментормен бірге екінші жақтан көре алған жағдайда, оларды жаңа жазықтыққа ауыстырып, яғни өз болмысы тұрғысынан (әрекетке айналдырып) қолдана алатын болады. Міне, тап осы сәттен бастап, менторлық үрдіс болудан қалады; демек оны қызмет (кәсіп) ретінде қарастыру мүмкіндігі жойылады. Ал, оның орнына адамның болмысында жаңа құрал пайда болады, оны менторинг деп атауға толық негіз бар.

Қорытынды. Ішкі менторлық қалыптың орнығуына түрлі медитациялық психотехникалар нәтижелі көмектеседі. Менторлық үрдісте кісіні жеке немесе жұптық жаттығуларға жұмылдыру арқылы, болмысты дамыту мүддесі аясында оның дербес ой қорытындыларын жасауына, қалыптасқан көзқарастар жүйесін өзге, жаңаша қырынан қарастыруын басқара отырып, дүниетанымының кеңеюіне ықпал етеді.

Осылайша жоғарыда айтылған деректерді қорытындылай келе, менторинг адам болмысының оң өзгерісінің катализаторы болып табылатын құндылықтар мен пайымдарды коррекциялау құралы деп танылады.

Кейінгі зерттеулердің келешегі. Бұған дейін үрдіс немесе қызмет ретінде қарастырылып келген менторлықты құрал деп тану кәсіби орта және ғылыми айналымда берік орнығуы үшін ішкі менторлықты жан-жақты әрі терең зерттеу қажет. Бұл әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерді ескерумен қатар, тұлға болмысының өзгешеліктерін, мәселен денсаулық жағдайы (жүйке жүйесінің қызметі), темперамент типтері, тәрбие, т.б. факторларды назарға алуды қажетсінеді.

Қолданған әдебиеттер тізімі.

1. Маслоу А. Мотивация и личность. - СПб, 2008. - 252с.
2. Ospanbayeva M., Medetbekova G. Modern psychological instrumentation of modernization of consciousness Tokyo (JAPAN), book – 2. 2017, p. 41-50.
3. Хуан, Чунлян және Джерри Линч, Тәлімгерлік - Дао сый және даналықты меңгеру. Сан-Франциско, - 1995.
4. Allen, Eby, & Lentz "Менторское поведение и качество менторства, связанное с формальными программами наставничества: закрытие разрыва между исследованиями и практикой". Журнал прикладной психологии. 91 (3): 567–578. <https://www.coursehero.com/file/>
5. Агилар, Елена “Искусство коучинга: эффективные стратегии трансформации школы”. Сан-Франциско: Джосси-Басс. - 2013.
6. Дилтс, Роберт “Изменение убеждений с помощью НЛП”. - М., 2016.
7. Оспанбаева М.П., Кенжан А.М. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру үрдісінде кәсіби-тұлғалық дамуды қамтамасыз етудің заманауи-психологиялық стратегиялары // Абай ат. ҚҰУ Хабаршысы, Психология сериясы, - А. 2019. № 4.
8. Коновалов С.С. Человек и Вселенная. Информационно-энергетическое учение. С-Пб: АСТ. – 2015. ISBN: 978-5-17-090788-5. – 240стр.